

«Университетте жаңа білім беру бағдарламаларын ашу перспективалары»
бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«28» желтоқсан 2023 ж.

«Университетте жаңа білім беру бағдарламаларын ашу перспективалары» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

2023 жылы ББ Реестріне барлығы 99 ББ енгізілген, оның ішінде 51 – бакалавриат, 33 – магистратура, 4 – ЕМВА, 11 – докторантура білім беру бағдарламалары. Жоғарыда көрсетілген білім беру бағдарламаларының 35-сі жаңа, 4-еуі инновациялық болып табылады;

2023-2024 оқу жылында 1 инновациялық, 2 қос дипломды, 1 бірлескен жаңа білім беру бағдарламаларын ашу жоспарлануда.

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша лицензия қосымшасын алу үшін 3 ББ бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда.

«Университетте жаңа білім беру бағдарламаларын ашу перспективалары» бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. 7M01510 – Цифрлық педагогика (IP) білім беру бағдарламасы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасына бекітуге ұсынылсын.

2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу 2024 жылғы 01 сәуірге дейін аяқталсын:

- 7M01703 – Қазақ тілі мен әдебиеті–Филология қос дипломды ББ (жауаптылар: ББ жетекшісі Р.Асылова, ТҒ жоғары мектеп деканы А.Абызова);

- 6B08102 – Агрономия – ауыл шаруашылық ғылымдары қос дипломды ББ (жауаптылар: ББ жетекшісі М.Турлыбекова, ТҒ жоғары мектеп деканы Е.Андасбаев).

3. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша лицензияға қосымша алу үшін білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес 2024 жылғы 01 ақпанға дейін келесі ББ әзірлеу:

- Электр энергетикасы ББ (жауаптылар: ББ жетекшісі М.Турлыбекова, ТҒ жоғары мектеп деканы Е.Андасбаев);

- Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар және байланыс жүйелері ББ (жауаптылар: ББ жетекшісі Н.Тукенова, ТҒ жоғары мектеп деканы Е.Андасбаев).

Осы шешімнің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.Р. Таубаевқа жүктеледі.

Ғылыми Кеңес төрағасының
орынбасары

Ғалым хатшы



А.С. Бахтаулова

Н.К. Байгабатова